

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 26 желтоқсандағы N 1327 қаулысына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 26 қарашадағы N 197я Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "2004 жылға арналған республикалық бюджеттік бағдарламалардың паспорттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 26 желтоқсандағы N 1327 қаулысына мынадай толықтырулар мен өзгерістер енгізілсін:

1) көрсетілген қаулының 10-қосымшасында :

"Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары" деген б-тармақтың 5-бағанында :

реттік нөмірі 2-жол мынадай мазмұндағы екінші сөйлеммен толықтырылсын: "Саны 1 бірлік ғимарат сатып алу.";

реттік нөмірі 5-жолда :

"19", "1834", "264" және "70" деген сандар тиісінше "17", "1649", "357" және "64" деген сандармен ауыстырылсын;

"19 атаулы саны 1834 бірлік байланыс құралдарын" деген сөздерден кейін "; 7 бірлік ас үй жабдығын; 7 бірлік тұрмыстық техника" деген сөздермен толықтырылсын;

реттік нөмірі 10-жолда :

"5" деген сан "6" деген санмен ауыстырылсын;

"1 атаулы шағын электр станциясын" деген сөздерден кейін ", 1 атаулы шаруашылық жабдығын" деген сөздермен толықтырылсын;

2) көрсетілген қаулының 12-қосымшасында :

"Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары" деген б-тармақтың 5-бағанында :

реттік нөмірі 2-жолда :

"диктофон - 15 бірлік" деген сөздер "диктофон - кемінде 20 бірлік, бейнекамералар - 4 бірлік, цифрлы фотоаппараттар - 2 бірлік" деген сөздермен ауыстырылсын;

"күзет сигнал белгілерін құру;" деген сөздерден кейін "күзету жөніндегі қызметтер;" деген сөздермен толықтырылсын;

реттік нөмірі 3-жолдың 7-бағанында :

"көліктегі ішкі істер басқармалары" деген сөздерден кейін ", Әскери-тергеу округтері, басқармалары және бөлімдері" деген сөздермен толықтырылсын;

3) көрсетілген қаулының 17-қосымшасында :

"Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары" деген б-

тармақтың

5 - бағанында :

"52" деген сандар "143" деген сандармен ауыстырылсын;  
"52 бірлік" деген сөздерден кейін ", тораптық сүзгі - 121 бірлік, лазерлік принтерлер - 36 бірлік, маршрутизаторлар - 2 бірлік" деген сөздермен толықтырылсын;

4) көрсетілген қаулының 18-қосымшасында :

"Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс шаралар жоспары" деген 6-тармақтың

5 - бағанында :

"мультимедиялық проектор - 1 жиынтық" деген сөздерден кейін ", сыртқы бақылау жүйесі - 1 жиынтық;" деген сөздермен толықтырылсын;

"40000 метр оптикалық-талшықты кабель" және "бекіту жиынтығы мен аксессуарлары - 8 жиынтық" деген сөздер "24000 метр оптикалық-талшықты кабель" және "бекіту жиынтығы мен аксессуарлары - 7 жиынтық" деген сөздермен ауыстырылсын ;

"монтаждау үшін қосалқы жабдықтар - 1 жиынтық" және "бағдарламалау және әкімшілендіру жүйесі - 1 жиынтық" деген сөздер алынып тасталсын;

5) көрсетілген қаулының 20-қосымшасында :

"Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары" деген 6-тармақтың 5-бағанындағы "23" деген сандар "29" деген сандармен ауыстырылсын;

6) көрсетілген қаулының 21-қосымшасында :

"Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары" деген 6-тармақтың 7-бағанындағы "Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі" деген сөздерден кейін ", Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің ішкі әскерлер комитеті" деген сөздермен толықтырылсын;

7) көрсетілген қаулының 24-қосымшасында :

"Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары" деген 6-тармақтың 5-бағаны мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасында терроризмге және экстремизм мен сепаратизмнің өзге де көріністеріне қарсы күрестің 2004-2006 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес іс-шаралар жүргізу. 18 атаулы заттай мүлік пен басқа да нысандық және арнайы киім-кешек заттарын сатып алу, тігу; 10 атаулы саны 270 бірлік қару-жарақ, 4 атаулы оқ-дәрі, 2 атаулы саны 85 бірлік броньды қорғаныш құралдарын; саны 3 бірлік оқ қармағыш; саны 1 бірлік оқ қармағыштың қосалқы блогын, саны 10 бірлік сүңгуір жарағын, 5 атаулы саны 425 бірлік тыл мүлкін, 73 атаулы саны 776 бірлік ұйымдық арнайы криминалдық техника, 1 атаулы саны 50 дана шығыс материалын, 18 атаулы саны 1669 бірлік байланыс құралдарын, 9 атаулы саны 306 бірлік автокөлік, 1 атаулы саны 3 бірлік бронетехника сатып алу. Ішкі жедел байланыс желісі арналарын ұйымдастыру: саны 2 бірлік мониторинг орталығында орналастырылатын аудио ақпаратты қабылдау, жинау және өңдеу серверін; саны 1 бірлік бағдарламалық қамтамасыз етілетін мониторинг орталығында орнатылған дабыл

серверлерін жаңғыртуға арналған аппараттық бөлікті; саны 1 бірлік мониторинг орталығында орнатылған серверлерді орналастыруға арналған шкафты; саны 1 бірлік мониторинг орталығындағы операторлардың жұмыс орындарының жиынтығы аралығында ақпарат беруді ұйымдастыруға арналған арна қалыптастыратын жабдықтың жиынтығын сатып алу. Оператордың жұмыс орнының жиынтығын қалыптастыру және мониторинг орталығының жабдығына қосу; жұмыс орындарының жиынтықтарын тексеру мен тестілеу, кепілді мерзім ішінде жабдықты жоғары деңгейде техникалық қолдау және оған қызмет көрсету; саны 10 бірлік оператордың жұмыс орнын арнайы бағдарламалық қамтамасыз ету; саны 1 бірлік дерекқор серверлерін жаңғыртуға арналған бағдарламалық қамтамасыз ету. Терроризмге қарсы күрес жөніндегі бөлімшелердің саны кемінде 10 адам кадрлық құрамын үйрету, қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру. Арнайы автомобильдердегі арнайы техника кешенін монтаждау, жөндеу және іске қосу жөніндегі жұмыстар. 4 атаулы саны 5 бірлік арнайы бағдарламалық қамтамасыз етуді сатып алу. Елімізден тысқары жерлерге қызметтік іссапарларға ақы төлеу.";

8) көрсетілген қаулының 26-қосымшасында :

"Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары" деген 6-тармақтың 5-бағанындағы "6" және "79" деген сандар тиісінше "7" және "81" деген с а н д а р м е н а у ы с т ы р ы л с ы н ;

9) көрсетілген қаулының 32-қосымшасында :

"Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары" деген 6-тармақтың 5-бағанындағы "3 портативтік рентген флюороскопын" деген сөздерден кейін ", 12 бірлік желілік сүзгі, 4 бірлік қағаз жоятын машина, үздіксіз қоректендіру блогы бар 41 жиынтық дербес электронды есептеу машинасын, 5 бірлік факсимильдік аппарат , 3 бірлік көшіргіш аппарат, 3 бірлік сканер, 2 бірлік моноблок, 21 бірлік принтер, 2 бірлік бейнекамера, 5 бірлік сейф, 1 жиынтық жобалау жабдығын" деген сөздермен т о л ы қ т ы р ы л с ы н .

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*